

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ МИНИСТРЛІГІ
ТАУАРЛАР МЕН ҚОРСЕТИЛЕТІН
ҚБІЗМЕТТЕРДІҢ САПАСЫ МЕН
ҚАУІПСІЗДІГІН БАҚЫЛАУ КОМИТЕТІ

АҚМОЛА ОБЛЫСЫНЫң ТАУАРЛАР
МЕН ҚОРСЕТИЛЕТІН ҚБІЗМЕТТЕРДІҢ
САПАСЫ МЕН ҚАУІПСІЗДІГІН
БАҚЫЛАУ ДЕПАРТАМЕНТІ

АҚМОЛА ОБЛЫСЫНЫң
БАС МЕМЛЕКЕТТІК
САНИТАРИЯЛЫҚ ДӘРІГЕРІ



КОМИТЕТ КОНТРОЛЯ
КАЧЕСТВА И БЕЗОПАСНОСТИ
ТОВАРОВ И УСЛУГ МИНИСТЕРСТВА
ЗДРАВООХРАНЕНИЯ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

ДЕПАРТАМЕНТ КОНТРОЛЯ
КАЧЕСТВА И БЕЗОПАСНОСТИ
ТОВАРОВ И УСЛУГ
АКМОЛИНСКОЙ ОБЛАСТИ

ГЛАВНЫЙ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ
САНИТАРНЫЙ ВРАЧ
АКМОЛИНСКОЙ ОБЛАСТИ

ҚАУЛЫСЫ

Дарын Атаман
Кокшетау қаласы

ПОСТАНОВЛЕНИЕ

№ 35
город Кокшетау

**Ақмола облысының аумағында коронавирустық инфекция
(COVID-19) ауруының таралуының алдын алу жөніндегі қатаң шектеу
шараларын ұзарту туралы**

Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің «Қазақстан Республикасының халқы арасында коронавирустық инфекция ауруының алдын алу жөніндегі шараларды одан әрі күшешту туралы» 2020 жылғы 25 маусымдағы № 43, «Қатаң шектеу карантиндік шараларын енгізу туралы» 2020 жылғы 3 шілдедегі №44, «Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2020 жылғы 26 маусымдағы № 43 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2020 жылғы 27 шілдедегі №46 қаулыларына (бұдан әрі- ҚР БМСДҚ №46) сәйкес және Ақмола облысының тұрғындары арасында COVID-19 2700 жағдайын тіркелуіне байланасты, **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. Ақмола облысының аумағында шаруашылық және (немесе) өзге де қызметтің және халық өмірінің ерекше жағдайларымен эпидемиологиялық жағдайы **тұрақтанғанша дейін Ақмола облысының аумағында іс-шараларын жүргізуі** қамтамасыз ету.

2. **Ақмола облысының тұрғындарына:**

1) осы қаулының 1 - қосымшасына сәйкес **бетперделерді қию алгоритмінің сақталуын қамтамасыз ету;**

2) тұрғындардың тұратын жерлерінен бетпердені міндетті түрде киомен, әлеуметтік қашықтықты сақтай отырып шығуына рұқсат. Ашық аспан астында 5 жасқа дейінгі балаларға, сондай-ақ жеке қашықтықта жіне топтық спортпен шұғылданатын адамдарға 5 адамнан аспайтын, әлеуметтік қашықтықты сақтайтын адамдарға бетпердесіз рұқсат етіледі. Қоғамдық көліктегі (автобус, ұшак, пойыз, такси) бетперде қию міндетті, жеке көліктерде сол отбасы мүшелеріне ұсынылады;

3) **бетперделерді қию алгоритмін және әлеуметтік қашықтықты сақтай отырып, ойын-сауық объектілерісіз саябақтарға, алаңдарға, скверлерге және өзге де демалыс орындарына топта 3 адамнан артық емес немесе бір отбасы мүшелеріне баруға рұқсат беру;**

4) респираторлық инфекцияның алғашқы белгілері (тұмау, түшкіру, температура 38⁰C дейін) пайда болған кезде, учаскелік дәрігерді шақыру арқылы,

дене қызыуы 38°C жоғары көтерілген кезде 103 нөмірі бойынша жедел медициналық жәрдем шақыру арқылы медициналық ұйымдарға бармай, тіркелген жері бойынша тез арада медициналық көмекке жүгіну;

5) отбасылық, естелік іс-шараларды (банкеттер, үйлену тойлары, мерейтойлар, дұға), оның ішінде үйде және адамдар көп жиналатын өзге де іс-шараларды өткізуге жол бермеу;

6) көршілерге, таныстарға, туыстарға, әрінтестерге баруына жол бермеу;

7) жерлеу іс-шараларын жүргізу кезінде **2 метр** қашықтықты сатай отырып, **30 адамнан астам (отбасы мүшелері)** жиналуға жол бермеу.

3. Ақмола облысының әкімдігі, аудандар мен Көкшетау, Степногорск қалаларының әкімдері:

1) көпшілік іс-шараларының (мерекелік, спорттық-көпшілік, ойын-сауық мәдени-көпшілік іс-шараларды, конференция, семинар, көрме және т.б. өткізуғе), отбасылық, естелік іс-шараларды (банкеттер, үйлену тойлары, мерейтойлар, дұға), оның ішінде үйде және адамдар көп жиналатын өзге де іс-шараларды өткізуге жол бермеу;

2) сауда - ойын-сауық орталықтарының, сауда үйлерінің, сауда желілерінің (олардың ішінде орналасқан азық –түлік супермаркеттері мен дәріханаларды қоспағанда) қызметтерің тоқтата тұру;

3) ойын – сауық мекемелері (караоке, бильярд, боулинг, орталықтары, компьютерлік клубтар, тұнгі клубтар, аттракцион, балалар ойын алаңдары, батут және т.б.) кинотеатрлардың қызметтерің тоқтата тұру;

4) мәдениет объектілерінің (театр, мұражай, көрме, концерт залдары және т.б.) қызметтерің тоқтата тұру;

5) балалар сауықтыру лагерлері, мектептен тыс қосымша білім мекемелері (дамыту, білім орталықтары, үйірмелер және т.б.), балалар корреция кабинеттері, балалар мен ересектерге арналған курстардың қызметтерің тоқтата тұру;

6) мектепке дейінгі мекемелерде **кезекші топтардың** қызметіне рұқсат беру;

7) фудкорттардың, банкет залдарының қызметтерің тоқтата тұру;

8) спа-орталықтары, фитнес және тренажер залдары мен орталықтары, спорттық-сауықтыру орталықтары, спорт залдары, бассейндер, қалалық, қоғамдық жағажайлардың, қоғамдық монша мен сауна, косметикалық және косметологиялық, маникюр және педикюр қызметтерің көрсететін сән салондары, шаштараздар, орталықтар мен салондардың қызметтерің тоқтата тұру;

9) туристік учаскелерде (қонақ үйлер, санаторийлер, пансионаттар, қонақтарға арналған үйлер, демалыс үйлер) тиісті аумақтың әкім орынбасарының қолы қойылған жергілікті атқару органдары жанынан құрылған мобиЛЬДІ топтың он жазбаша рұқсаты болған кезде, **күшеттілген санитариялық-дезинфекциялық режимді** және бір келушіге 4 м^2 -ден кем емес арналған алаңды сақтай отырып, алдын ала жазылу бойынша сағат 10:00-ден 20:00-ге дейін уақыт бойынша шектеумен жағажайлардың қызметіне рұқсат ету. Мониторинг 2 апта ішінде жүргізіледі, санитариялық-карантиндік шаралар сақталмаған жағдайда рұқсаттар кері қайтарылады;

10) жабық базарлардың (азық-түлік, азық-түлік емес) қызметтерің тоқтата тұру;

11) жәрменке, форум, конференция және өзге де көпшілік қатысатын іс-шараларды тоқтата тұру;

- 12) таза ауадағы жеке жаттығуларға рұқсат беру;
- 13) діни мақсаттагы объектілердің (мешіт, церковь, собор, синагоги және т.б.) қызметтерін тоқтата тұру;
- 14) қалаарапалық, облысарапалық автобус тасымалдау қызметін тоқтата тұру;
- 15) онлайн көрсетілмейтін қызметтер үшін «Қазпошта» АҚ-тың жұмыс кестесін жұмыс күндері **сағат 09:00 –ден бастап 18:00 –ге дейін**, сенбі күндері **сағат 09:00 –ден бастап 14:00 –ге дейін** орната отырып, жұмысын ұйымдастыру;
- 16) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі мен Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің актілері негізінде уақыты мен санын шектей отырып, қаржы нарығы субъектілерінің қызметіне рұқсат беру;
- 17) бекітілген кесте бойынша санитариялық күн өткізе отырып, ауданы 500 шаршы метрден кем азық – тұлік емес дүкендердің (барлық түрлері) жұмыс тәртібін **сағат 10.00 –ден 19.00-ге дейін** шектеу;
- 18) **клиенттерге жеткізу жолы арқылы** ғана ауданы 500 шаршы метрден артық азық-тұлік емес дүкендердің (барлық түрлері) қызметін жүзеге асыруға рұқсат беру;
- 19) бекітілген кесте бойынша санитариялық күн өткізе отырып, азық – тұлік дүкендердің жұмыс тәртібін **сағат 09.00 –ден 21.00-ге дейін** шектеу;
- 20) бекітілген кесте бойынша санитариялық күн өткізе отырып, ашық азық-тұлік және азық – тұлік емес базарлардың жұмыс тәртібін **сағат 10.00 –ден 17.00-ге дейін** шектеу;
- 21) оқшаулау талаптарын және күшайтілген санитариялық-дезинфекциялық режимді сақтай отырып, медициналық орталықтардың қызметіне (жазылу бойынша) рұқсат беру;
- 22) қоғамдық көліктің желіге барынша шығуымен, біркелкі жүру кестесімен, **отыратын орындар саны бойынша** қоғамдық көліктің толтырылуымен, **21:00 сағатқа дейін** қоғамдық көліктің жұмыс режимін шектеу;
- 23) жергілікті атқарушы, құқық қорғау органдарының, жедел және шұғыл медициналық көмектің, мемлекеттік медициналық мекемелердің, санитариялық-эпидемиологиялық қызметтің, өрт сөндірудің, авариялық-құтқару және авариялық-техникалық қызметтердің қызметкерлерін, сондай-ақ стратегиялық объектілер мен тіршілікті қамтамасыз ету объектілерінің өндірістік процесін қамтамасыз ететін қызметкерлерді қоспағанда, **сағат 22:00-ден 06:00-ге дейін** Ақмола облысының елді мекендерінің аумағы бойынша тұрғындардың жүріп –тұруын шектеу;
- 24) әлеуметтік қашықтықты және күшайтілген санитариялық-дезинфекциялық режимді сақтай отырып, мемлекеттік органдардың (ұйымдар, кәсіпорындар), квазимемлекеттік сектор органдарының, ұлттық кампания, өзге де ұйымдардың, сонымен қатар кәсіпкерлік субъектілердің жұмысын рұқсат ету. Сондай-ақ, (штат кестесі бойынша **30 қызметкерден артық**) қызметкерлердің **80%-ынан кем емес қашықтық жұмыс атқару түрінде қалады**;
- 25) күшайтілген санитариялық-дезинфекциялық режимді сақтай отырып, туризм объектілері мен тұрғындар тұратын қызмет көрсету саласындағы ұйымдардың (қонақ үйлер, мейманханалар, демалыс үйлер, туристік базалалар, шипажайлыш-курорттық мақсаттагы объектілер және т.б.) қызметін рұқсат ету;
- 26) күшайтілген санитариялық-дезинфекциялық режимді сақтай отырып, халыққа байланыссыз қызмет тұрлерін көрсету объектілері (көлік жуу, көлік жөндеу, тұрмыстық техника жөндеу және т.б.) жұмыс тәртібін **сағат 10.00-ден 20.00-ге дейін** шектелген уақыт бойынша рұқсат ету;

27) күшейтілген санитариялық-дезинфекциялық режимді сақтай отырып, өндірісі тоқтамай жүретін өнеркәсіп кәсіпорондардың; таза ауада құрылыштықтарына, ауыл және балық шаруашылығы, мал шаруашылығы қызметіне рұқсат ету;

28) жұмыс және демалыс күндері сағат 9.00-ден 17.00-ге дейін жұмыс кестесін орнатып, бизнес-орталықтары, (сақтандыру компания, адвокат, нотариус, бухгалтер және консалтинг қызметтері, жылжымайтын мүлік агенттіктері, жарнама агенттіктері, сот орындаушылар және т.б.) ваалюта айырбастау пункттері, ломбард, букмекер кенселерінің жұмысын ұйымдастыру;

29) Халыққа қызмет көрсету орталықтарының (бұдан әрі - ХҚҚО) алдын ала қатаң Egov.kz, жеделхат-бот EgovKZBot 2.0 Халыққа қызмет көрсету орталықтарының, (арнайы ХҚҚО) жұмыс кестесін орнатумен, Call орталықтарын сағат 9:00-ден 17:00-ге дейін, ал демалыс күндері уақытша тоқтата тұрумен;

30) адамдардың жаппай жиналуы мүмкін салтанатты, отбасылық, естелік, ұжымдық және басқа да іс-шараларды өткізбей, бір мезгілде 30 келушіден артық болмайтын жағдайда, 30 – дан кем отыратын орыны бар объектілері үшін есептік қуаттың 50% - ынан артық емес, үстелдер арасындағы 2 метрден кем емес және келушілер арасында 1 метрден кем емес қашықтықты сақтап, жұмыс режимін сағат 10.00-ден 21.00-ге дейін шектей отырып, үй-жайлардағы қогамдық тاماқтандыру объектілерінің қызметіне рұқсат беру;

31) такси қызметтерінің жүруін (2 адамнан артық емес) шектеу;

32) Қазақстан Республикасының және Ақмола облысының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің (бұдан әрі – БМСДК) қолданыстағы қаулыларына сәйкес шектеу іс-шараларының сақталуына мониторинг жүргізу және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес әкімшілік жауапкершілікке санитариялық-карантиндік шараларды сақтамайтын тұлғаларды тарта отырып, әкімдіктер жанындағы жеделдетілген топтардың объектілерге іріктең тексеру жүргізу;

33) халыққа COVID-19 таралуының алдын алу бойынша ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізу;

34) меншік нысанына қарамастан, барлық объектілердің (субъектілердің) ҚР БМСДК қолданыстағы қаулыларының талаптарын сақтаудан басқа, ҚР БМСДК № 43 қаулысымен бекітілген алгоритмдердің, осы қаулыға 2-қосымшаға сәйкес санитариялық-дезинфекциялық режимнің талаптарын сақтау;

35) медициналық ұйымдарда, қарттар мен мүмкіндігі шектеулі адамдарға арналған медициналық-элеуметтік объектілерде, сәби үйлеріне, балалар үйлерінде, әлеуметтік оңалту орталықтарында, интернат үлгісіндегі мүгедек балаларға арналған оқу орындарында карантин режимі және санитариялық-дезинфекциялық режимді сақтау;

36) ҚР БМСДК № 43 23-қосымшасына сәйкес жуу және дезинфекциялау қуралдарын қолдана отырып, әрбір сапар алдында қоғамдық көліктің, такси, өнеркәсіп аумақтарды, әуежайларды, темір жол және автовокзалдарды, супермаркеттерді, базарларды, қоғамдық көлік аялдамаларын (күніне кемінде екі рет), жер үсті және жер асты жаяу жүргіншілер өтпелерінің таяныштарын, спорт снарядтарын, балалар және спорт аландарын, орындықтар мен сәкілерді, банкоматтарды, банк терминалдарын, POS-терминалдарды өндіру, басқа да объектілерді өндіру;

37) қызметі рұқсат етілген обьектілерде карантиндік шаралардың, санитариялық-дезинфекциялық режимдердің сақталуын бақылау. Бұзушылықтар анықталған жағдайда Әкімшілік құқық бұзушылықтары туралы кодексі негізінде тиісті әкімшілік шаралар қолдану;

38) COVID-19 ауруымен ауыратын науқастарға медициналық көмек көрсетуге тартылған инфекциялық және провизорлық стационарлар қызметкерлерін тұратын орынмен қамтамасыз ету;

39) әртүрлі медициналық ұйымдардың медицина қызметкерлерін бөлек орналастырумен және тамақтандырумен қамтамасыз ету (әртүрлі үй-жайларда, олардың қарым-қатынас мүмкіндігін болдырмай);

40) бір медициналық ұйымның әртүрлі бөлімшелерінің қызметкерлерін үй-жайларда болек орналастырумен және тамақтандырумен қамтамасыз ету;

41) үйден тыс тұратын инфекциялық және провизорлық стационарлар қызметкерлерінің COVID-19 таралуының алдын алуға бағытталған орналастыру, тамақтану жағдайларын және басқа да іс-шараларды орындауды бақылауды қамтамасыз ету;

42) қашықтықтан консультация беру мүмкіндігі үшін медицина қызметкерлерінің тұратын жерлерінде интернетке қолжетімділікпен қамтамасыз ету;

43) Ақмола облысы бойынша «Ұлттық сараптама орталығы» ШЖҚ РМК филиалының вирусологиялық зертханасының қызметкерлерін тұратын орынмен және тамақтандырумен қамтамасыз ету;

44) медицина қызметкерлері үшін тұратын жерінен жұмысқа дейін және кері бағытта әрбір медициналық ұйым үшін көлікті қамтамасыз ету, кейіннен көлікті дезинфекциялау;

45) КР БМСДҚ №46 32 қосымшаға сәйкес қауісіздік шараларын сақтай отырып, COVID-19-дан қайтыс болған адамның мәйітін жерлеуді жүргізуі ұйымдастыру;

46) COVID-19-дан қайтыс болған адамдардың мәйіттерін тасымалдауға арналған автокөлікпен және көмуге қатысатын адамдарға арналған жеке қорғану құралдарымен қамтамасыз ету;

47) КР БМСДҚ №46 сәйкес алгоритмнің сақталуын қамтамасыз ету үшін әрбір ауданда COVID-19-дан қайтыс болған адамдардың мәйіттерін кому бойынша бригадаларды құру жөніндегі мәселені шешу.

4. Бурабай, Зеренді, Ерейментау аудандарының әкімдері және полиция департаментінің бастығы, Ақмола облысының Төтенше жағдайлар департаментінің бастығы қамтамасыз етсін:

1) Щучье-Бурабай және Зеренді курорттық аймақтарының аумағына/аумағынан 2020 жылғы 03 тамыздағы сағат 00:00 бастап 2020 жылғы 17 тамыздағы сағат 00:00-ге дейін кіруге және шығуға тыйым салу;

2) жасанды тосқауылдарды (блоктарды қою және т.б.) орнату арқылы кіруге жол бермеу бойынша іс-шаралар жүргізу;

3) полиция департаментімен, төтенше жағдайлар департаментімен бірлесіп Щучье-Бурабай және Зеренді курорттық аймақтарына/аймақтарынан кіру және шығу жолдарында блокбекеттерді уақытша орнатылуын қамтамасыз ету;

4) № 3 қосымшаға сәйкес Щучье-Бурабай және Зеренді курорттық аймақтарына кіруге және шығуға рұқсат беру;

5) блокбекеттерге жұмылдырылған қызметтерді қажетті жабдықталыммен, тамақпен, электр қуатпен жараптандыру.

5. «Бурабай», «Көкшетау» МҰТП (Зеренді ауданы) қамтамасыз етсін:

1) қоғамдық жағажайлардың қызметтерін тоқтата тұру;

2) жағалаудағы аймақтар аумағында (жұзу құралдарын жалға беру пункттері (күтқару қайық станцияларын қоспағанда), азық-түлік оңімдерін, балмұздак, сусындар, гриль, донер, шаурма және фастфудтың басқа да түрлерін, кәдесыйларды сататын сауда орындары мен дүңгіршектер мен басқа да азық-түлік емес тауарларды, қоғамдық тамақтандыру объектілерін, караоке және басқа да объектілер) сауда-ойын-сауық объектілерінің су қорғау аймағының радиусында (кемінде 500 метр) қызметін тоқтата тұру;

3) кемінде 2,5 – 3 метр қашықтықты сақтауды ескере отырып, кәдесыйларды сатуға арналған дүңгіршектерді орналастыру;

4) қоғамдық жағажайларға баруға тыйым салу туралы тақтайшаларды орнату;

5) санитариялық – карантиндік шаралар мен қоғамдық тәртіпті сақтауды бақылау мақсатында рекреациялық (жағалаудағы аймақтарды, жеке және қоғамдық жағажайларды) және курорттық аймақтарды патрульдеу.

6. Ақмола облысы Денсаулық сақтау басқармасының басшысы қамтамасыз етсін:

1) ҚР БМСД 2020 жылғы 27 шілдедегі № 46 қаулысының талаптарын орындау;

2) ЖРВИ белгілерімен және COVID-19-ға күдікті науқастарды анықтау мақсатында аулаларды аралап шығу;

3) ЖРВИ, пневмония белгілерімен және температурасы бар COVID-19-ға күдікті науқастарға ПТР әдісімен зертханалық тексеру жүргізу;

4) асқынуды болдырмау мақсатында, халыққа уақытылы медициналық көмекке жүғіну туралы түсіндіру жұмыстарын жүргізу;

5) созылмалы аурулары бар, «Д» есепке алынған науқастарды ерекше есепке алу;

6) эпидемиологиялық жағдайға қарамастан жүкті әйелдерге және балаларға, амбулаториялық бағдарламалық ғемодиализ алатын пациенттерге, онкологиялық және онкогематологиялық аурулармен ауыратын, сондай-ақ емдеуді ауыстыру пациенттің өміріне қауіп төндіретін аурулармен ауыратын пациенттерге жоспарлы медициналық көмек көрсетуді жалғастыруды қамтамасыз ету;

7) профилактикалық егулерді қоспағанда, МСАК ұйымдарында жоспарлы скринингтер мен профилактикалық байқаулар корсетуді тоқтата тұруға;

8) санитариялық-карантиндік талаптар қатаң сақталған жағдайда, кәсіпорындарға шығып, медициналық профилактикалық тексерулер жүргізу үшін емханаларда жеделдетілген топтар құру;

9) тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау аумақтық басқармасының маманы болмаған жағдайда, мәйітті тасымалдау және жерлеу кезінде биологиялық қауіпсіздік шараларының сақталуын бақылауды кестеге сәйкес бұйрықпен жауапты адамды бекіту жолымен МСАК мамандарымен қамтамасыз ету;

10) COVID-19-дан қайтыс болған адамдардың мәйіттерін тасымалдауға арналған автокөлікпен және көмуге қатысадын адамдарға арналған жеке қорғану құралдарымен қамтамасыз ету.

7. Ақмола облысы полиция департаментінің бастығы қамтамасыз етсін:

1) COVID-19 расталған жағдаймен жақын байланыс ретінде қоршаған ортадан анықталған тұлғалар және симптомсыз ағымымен (*тасымалдаушылар*) тұлғалар үй карантинішарттарының сақталуын бақылауға жәрдемдесу;

2) қызметі рұқсат етілген объектілерде карантиндік шаралардың, санитариялық-дезинфекциялық режимдердің сақталуын бақылау. Бұзушылықтар анықталған жағдайда Әкімшілік құқық бұзушылықтары туралы кодексі негізінде тиісті әкімшілік шаралар қолдану.

8. Тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау басқармасының басшылары қамтамасыз етсін:

1) 10-шы нұсқаның (U07.1 COVID-19, вирус анықталған, U07.2 COVID-19, вирус анықталмады) 10-шы нұсқасына сәйкес, COVID-19 және вирустық пневмониямен науқаспен әңгімелесу, хабарлама алған сәттен бастап 3 сағат ішінде COVID-19 ісін тіркеу туралы;

2) 24-ші шығарылған эпидемиологиялық тергеу картасымен 10-нұсқалы (U07.1 COVID-19 вирус анықталды, U07.2 COVID-19, вирус анықталмады) 10-шы қайта қараудың халықаралық жіктемесіне сәйкес COVID-19 және вирустық пневмонияның әрбір жағдайына эпидемиологиялық зерттеу жүргізу; істі тіркеу туралы хабарлама алған сәттен бастап сағат;

3) COVID-19 алдын алу шаралары туралы халық арасында ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын күшету;

4) санитариялық-карантиндік талаптардың шарттарын сақтамағаны үшін әкімшілік ықпал ету шараларын қабылдау.

9. Ақмола облысының ішкі саясат басқармасы, аудандар мен Қекшетау, Степногорск қалаларының әкімдері қамтамасыз етсін.:

1) бұқаралық ақпарат және әлеуметтік желілер арқылы 2 күн ішінде қосымша қабылданған шектеу шаралары туралы халыққа хабардар ету;

2) халыққа қосымша қабылданған шектеу шаралары туралы жаднамалар, оның ішінде шүғыл және апаттық қызметтердің барлық қажетті байланыстарын көрсете отырып, шектеу іс-шаралары кезеңінде көшелерде қауінсіздік шараларын, жүрістүрьис ережелерін сақтау туралы азаматтарға арналған нұсқаулықтар әзірлеу;

3) облыс тұрғындары арасында жұқтыру ошақтарын оқшаулау және оның таралу қаупін азайту бойынша қабылданатын шаралар туралы бұқаралық ақпарат құралдарында ақпараттық жариялау жүргізу.

10. Ақмола облысы бойынша «Ұлттық сараптама орталығы» ШЖҚ-ндағы РМК-нің филиалы ҚР БМСД 2020 жылғы 27 шілдедегі № 46 қаулысының талаптарын орындалуын қамтамасыз етсін.

11. Ақмола облысының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің №4 қосымшага сәйкес қаулысының күші жойылды деп танылсын.

12. Аумақтардың бас мемлекеттік санитариялық дәрігерлері эпидемиологиялық жағдайға байланысты өз қаулыларын (карантиндік шараларды қатандатуға) шығаруға құқылы.

13. Қаулы меншік нысанына қарамастан, барлық жеке және занды тұлғалардың орындауы үшін міндетті.

14. Осы қаулыны барлық мұдделі ведомстволардың назарына жеткізу, халықты бұқаралық ақпарат және әлеуметтік желілер арқылы хабардар ету.

15. Осы қаулының орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

16. Осы қаулы 2020 жылғы 03 тамызда сағат 00:00-ден бастап, қалыптасқан эпидемиологиялық жағдайға байланысты ықтимал ұзартумен немесе жеңілдетумен күшіне енеді.

Ақмола облысының
Бас мемлекеттік
санитариялық дәрігері



A. Мусина

Ақмола өблісінің Бас мемлекеттік
санитариялық дәрігерінің
2020 жылғы «___» _____
№ _____ қаулысына
1-қосымша

Қорғаныш бетперделерді кию алгоритмі

1. Қорғаныш бетперделерді кию адамдарды механикалық бөгет ретінде жүқтырудан қорғау мақсатында ұсынылады және кейбір респираторлық вирустық аурулардың, оның ішінде COVID-19 таралуын шектеуі мүмкін.

2. Халыққа арналған қорғаныш бетперделерді міндettі түрде киюі көрсетілген:

1) жабық үй-жайларда (дәріхана, дүкен, кенсе, медициналық үйім, халыққа қызмет көрсету саласындағы үйім және т. б.), сондай-ақ көлікте, далада болған кезде барлық адамдарға. Ашық аспан астында 5 жасқа дейінгі балаларға, сондай-ақ жеке қашықтықта жіне топтық спортивен шүғылданатын адамдарға 5 адамнан аспайтын, әлеуметтік қашықтықты сақтайтын адамдарға бетпердесіз рұқсат етіледі. Қоғамдық көлікте (автобус, ұшак, пойыз, такси) бетперде кию міндettі, жеке көліктерде сол отбасы мүшелеріне ұсынылады.

Осы тармақ адамды міндettі орындауға міндettейді және бұзылған жағдайда кінелі адамға әкімшілік шаралар қолданылады.

2) COVID-19 құдікті адамға көмек көрсету кезінде дені сау адамдарға;

3) COVID-19 ұқсас ауру белгілері пайда болған адамдарға (дene қызуының көтерілуі, жөтел, түшкіруі).

3. Тек қолды антисептикалық құралмен турақты өндөу немесе қолды сабынмен жуумен қысындастырудан бетперделер жүқтырудан қорғаудың тиімді құралы.

4. Қорғаныш бетперделерді кию тиімділігі үшін бір рет қолданылатын медициналық бетперделерді пайдалану және кәдеге жарату ережесін білу қажет.

5. Қорғаныш бетперделерді пайдаланудың негізгі қағидалары:

1) бетпердені киер алдында қолды антисептикалық құралмен өндөу керек немесе сабынмен жуыңыз;

2) бет пен бетперде арасындағы саңылаусыз мұрын мен аузын жабатындаі бетпердені кию;

3) пайдалану кезінде бетпердені тимеу;

4) жанасу жағдайында қолды антисептикалық құралмен өндөу және оларды сабынмен жуу;

5) егер киген кезде бетперде су болса, оны жаңасына ауыстыру және бір рет қолданылатын бетперделерді қайта қолданбау ұсынылады;

6) бетпердені шешу кезінде сақтықты сақтау және өз көздеріне, мұрын мен ауызға жанаспау;

7) бетпердені шешу үшін оны артынан немесе бүйірінен (бетперденің алдыңғы бөлігіне жанаспастан) резенкеден тыс ұстau және дереу қалдықтар үшін жабылатын контейнерге (пакетке) лактыру қажет;

8) кейін қолды антисептикалық құралмен өндөу немесе оларды сабынмен жуу қажет.

Ақмола облысының Бас мемлекеттік
санитариялық дәрігерінің
2020 жылғы «_____»
№ _____ қаулысына
2-қосымша

**Меншік нысанына қарамастан, жұмыс істейтін және қызметтерін қайта бастаған
барлық объектілер (субъектілер) үшін жұмыс алгоритмі**

Қазақстан Республикасы және Ақмола облысының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің қолданыстағы қаулысында көрсетілген талаптардан басқа, барлық қызмет ететін объектілер (субъектілер), органдар мен ұйымдарда мынадай санитариялық-эпидемиологиялық қауіпсіздік нормалары сакталуы туіс:

1. Объектіге (ұйымға) инфекцияны әкелудің алдын алу.

1) жұмыс ауысымы алдында қызметкерлердің дене қызуын өлшеп, дене қызуы көтерілген немесе инфекциялық ауру белгілері бар тұлғаларды міндепті түрдежүмис орнынан шектей отырып, күн сайын «кіру фільтрдің» ұйымдастырылуы ұсынылады;

2) қызметкердің және онымен бірге тұратын тұлғалалардың денсаулық жағдайын сұрастыру және науқас адамдармен немесе басқа елден, облыстан, ауданнан оралған тұлғалармен қарым-қатынаста болғаны туралы ақпарат алу (сұрау, сауалнама жүргізу);

3) объект кіре берісінде тері антисептиктермен (соның ішінде орнатылған дозаторлармен) немесе дезинфекциялық майлыштармен қол өндеу үшін арнайы орын белгілеп, ұйымдастыру;

4) қызметке қатысы жоқ тұлғаларды объектіге (ұйымға) келуді шектеу;

5) объект кіре берісінде дезинфекциялық құралдармен өндеу арқылы дезинфекциялық барьер (кілемшелер) орнату;

6) мүмкіндігінше жұмыстың штат режимін қысқарту;

7) технологиялық процеске қатысы жоқ және қызмет көрсетпейтін персоналды барынша алыстан жұмыс режиміне ауыстыру ұсынылады.

2. Объекті (ұйым) ұжымдарында инфекцияның таралуына жол бермеу шараларын қолдану.

1) объектіде (ұйымда) ауа-тамшы және контакт механизмі арқылы инфекцияның таралуын шектеу үшін қызметкерлер арасында қарым-қатынасты қысқарту;

2) 2 метр әлеуметтік қашықтықты сақтай отырып, жайлардың ішінде, көшелерде кезектің пайда болуына жол бермеу бір сәтте қызмет көрсетілуді шектеу;

3) объектіде (ұйымда) көзбелгендегі көшілік қатысатын іс-нарапардың жүргізілуін тоқтату және қызметкерлердің басқа ұйым мен мекемелердің ұжымдары іс-шараларына атсалысуларына тыйым салу;

4) қызметкерлер бір жерде жиналмайтын, бірге тамақтануға жол бермейтін кесте бойынша тамқтану аймақтарындаған тамақтануды ұйымдастыру;

5) көшілік қолданатын жерлерді, әжетханаларды қол жууга арналған сабынмен және антисептик құйылған дозаторлармен қамтамасыз ету;

6) келушілермен қарым-қатынаста болатын қызметкерлерді бетперде қорымен (жұмыс ауысына қарай, 3 сағатта 1 рет бетперден ауыстырып отыру), сонымен қатар қолды заарсыздандыру үшін дезинфекциялық майлыштармен, антисептикерімен қамтамасыз ету;

7) қызметтік жайларды және көшілік пайдаланатын бөлмелерді (асхана, демалыс бөлмелері, әжетханаларды) вируцилдік әрекет ететін (вирусты жоятын) дезинфекция құралдарын қолдана отырып, күн сайын (ауысым сайын) ылғалды жуу жұмыстарын жүргізіп отыру. Дезинфекция әр 2-4 сағат сайын барлық қолмен ұсталатын жерлерді (есік тұтқалары, сөндірғыштер, сүйеніштер, үстелдер, орындық арқалары, оргтехника және т.б.) жүргізіліп отыруы туіс;

8) жуу және дезинфекциялық құралдардың тыныс алу органдарын жеке қорғаныс құралдарымен (бетперде, респираторлар), қолғаптар бес күнге жететін қорымен қамтамасыз ету;

9) қызметкерлер тұрақты отыратын бөлмелерде рециркуляторлық түріндегі бактерицидтік аяу сәулелендіргіш қолдану ұсынылады;

10) профилактикалық тексеруді, жөндеуді жүргізіп, сонымен қатар фильтрді ауыстырып, ауа арнасын дезинфекциялау арқылы желдеткіш жүйелері мен ауа баптау жүйелерінің үздіксіз жұмысын қамтамасыз ету;

11) жұмыс бөлмелерді жүйелі түрде (әр 2 сағат сайын) желдетіп отыру ;

12) қызметкерлердің жұмыс кезінде бетперде/респираторларды тағып, оларды уақтылы ауыстырып отыруларына бақылауды қүшайту;

3. Қызметкерлердің инфекция жүктірудың алдын алу бойынша ұйымдастыру іс-шаралары.

1) профилактика шараларын, жеке гигиена және қоғамдық гигиена ережелерін сақтау: жұмыс барысында қолды сабынмен қайта-қайта жуу немесе антисептикпен заарсыздандыру қажеттілігі туралы қызметкерлерге ақпарат беріп отыру;

2) қызметкерлерді іссапарға жіберуді шектеу;

3) жаңа короновирустық инфекция COVID-19 көтерілгенкезде және аурудың жоғары деңгейі кезінде өзін-өзі оқшаулау режимін қамтамасыз ете отырып, осал топтарға жататын жасы 65-тен асқан тұлғалар, сонымен қатар созылмалы аурулары бар, иммунитеті төмен, жүкті әйелдерді қашықтықтан жұмысқа ауыстыру немесе жұмыстан уақытша шектеу;

4) (кәсіорында медициналық персонал бар болған жағдайда) жұмыс кезінде қызметкерлерді деңе қызуын өлшей отырып, репиаторлық ауру белгілерін тексеріп отыруды ұйымдастыру;

5) медициналық тексеріп-қараудың өзекті нәтижесінсіз (тамак өнеркәсібі, қоғамдық тамақтандыру, тұрмыстық қызмет корсету, су құбыры құрылыштары, білім беру ұйымдарының қызметкерлері) міндетті алдын ала және мерзімдік медициналық тексерін-қарау жүргізілетін жұмыстарға персоналды жібермеу;

6) обьектіде санитариялық-эпидемиологиялық талаптардың орындалуын бақылайтын жауапты тұлғаны белгілеу және бекіту;

7) қызметкерлерді қызметтік автокөлікпен жұмысына жеткізуді және жұмысынан алып кетуді қамтамасыз ету, сондай-ақ жүргізушінің қолын заарсыздандыру арналған антисептикпен және қорғау құралдарымен (бетперде, қолғап, арнайы киім, көзді қорғау құралдары) қамтамасыз ету, оларды міндетті түрде қажетті уақытта ауыстырып отыру, сонымен қатар көліктің салонын әр рейстің алдында дезинфекциялап, желдетіп отыру. Көлікке отырар алдында, қызметкерлер бетперделерін киіп отырулары тиіс;

8) көпшілікке көрінетін жерде (стендте, кіре берісте) келушілер үшін COVID-19 профилактикасы бойынша жаднамалар орналастыруды қамтамасыз ету;

9) аптасына 1 рет обьектіні жауап, міндетті түрде санитариялық күннің өткізуін қамтамасыз ету;

10) обьектілерде бетперде режимін сақталуына бақылауды қамтамасыз ету.

Ақмола облысының Бас мемлекеттік
санитариялық дәрігерінің
2020 жылғы «___» _____
№ _____ қаулысына
З-қосымша

Шучье-Бурабай және Зеренді курорттық аймақтарының аумағына/аумағынан кіруге және шығуға рұқсат етілген адамдардың тізбесі

1. Ақмола облысының санитариялық-эпидемиологиялық қызмет қызметкерлері қызметтік куәлігін немесе Ақмола облысының тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасын бақылау департаментінің (бұдан әрі – Департамент) және аумақтық басқармалар басшыларының, Көкінетау көліктегі тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауінсіздігін бақылау басқарма басшысының қолымен және мөрімен расталған анықтамаларды ұсыну бойынша.
2. Жұмыс орнынан (басшының қолымен және мөрімен расталған еркін үлгідегі анықтама) анықтама болған жағдайда пациенттері бар мемлекеттік медициналық мекемелердің медицина қызметкерлері.
3. Құқық қорғау, арнаулы органдардың қызметкерлері мен сот жүйесінің қызметкерлері.
4. Кәсіпорын басшысының қолымен және мөрімен расталған анықтамалары болған жағдайда, Шучье-Бурабай және Зеренді курорттық аймақтарының аумағында орналасқан объектілердің қызметкерлері.
5. Раставтын құжаттарды ұсынған жағдайда мемлекеттік тапсырыс шеңберінде ем алатын санаториялық-сауықтыру мекемелерінің пациенттері.
6. Бөлмелерге тапсырыс берген және «Vizit Aqmola» электрондық базасында тіркелген түристік нысандарын клиенттері;
7. Раставтын құжаттарды ұсынған жағдайда халықтың тыныс-тіршілігін қамтамасыз ету объектілердің қызметкерлері, оның ішінде мамандандырылған инкассаторлық автокөлік, «Казпошта» АҚ автокөліктері (бөгде тұлғаларсыз).
8. Раставтын құжаттарды ұсынған жағдайда амандандырылған, оның ішінде автожол техникасы, жүк автокөлігі (жүргізуі және жүкке қатысы бар не осы ұйымның қызметкерлері болып табылатын кемінде екі жолаушы).
9. Әскери қызметшілер мен жергілікті әскери басқару органдарының азаматтық персоналы жұмыс орнынан анықтама (басшының қолымен және мөрімен расталған еркін үлгідегі анықтама) болған кезде, сондай-ақ шақыру қағазы және шақыру участкесіне тіркеу туралы куәлігі (тіркеу куәлігі) болған кезде шақыру комиссиясына (аудандық, қалалық, облыстық) бара жатқан әскерге шақырылышылар.
10. Ауыл шаруашылығы өндірунілерінің көлігі, оның ішінде омарта шаруашылығы (шаруа қожалығы, фермерлік қожалығы, жауапкершілігі шектеулі серіктестік, ауыл шаруашылығы тауарын өндіруші) мемлекеттік тіркеуді раставтын куәлікті ұсынған кезде, жеке куәлігін, сондай-ақ жұмыс орнынан анықтаманы (мөрімен расталған еркін үлгідегі анықтама) ұсынған қызметкерлері.
11. Тіркеу орнын раставтын құжаттарды ұсынған жағдайда Шучье-Бурабай және Зеренді курорттық аймақтарының тұрғындары.

Ақмола облысының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің
2020 жылғы «___» _____
№ _____ қаулысына
4-қосымша

**Ақмола облысының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің
күші жойылған қаулыларының тізбесі**

1. «Ақмола облысының аумағында коронавирустық инфекция (COVID-19) ауруының алдын алу бойынша карантиндік шараларды күшейту туралы» Ақмола облысының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2020 жылғы 23 маусымдағы № 78 қаулысы;
2. «Ақмола облысының аумағында коронавирустық инфекциямен (COVID-19) ауруының таралуының алдын алу бойынша қатаң шектеу шараларын енгізу туралы» Ақмола облысының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2020 жылғы 3 шілдедегі № 86 қаулысы;
3. «Ақмола облысының рекреациялық және курорттық аймақтарының аумағында карантиндік іс-шараларды күшейту туралы» Ақмола облысының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2020 жылғы 20 шілдедегі № 88 қаулысы;
4. «Ақмола облысының аумағында коронавирустық инфекциямен (COVID-19) ауруының таралуының алдын алу бойынша қатаң шектеу шараларын енгізу туралы» 2020 жылғы 04 шілдедегі № 86, «Ақмола облысының рекреациялық және курорттық аймақтарының аумағында карантиндік іс-шараларды күшейту туралы» Ақмола облысының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2020 жылғы 20 шілдедегі № 88 қаулыларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2020 жылғы 24 шілдедегі № 90 қаулысы;
5. Ақмола облысының рекреациялық және курорттық аймақтарының аумағында карантиндік іс-шараларды күшейту туралы» Ақмола облысының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің қаулысына өзгерістер енгізу туралы» Ақмола облысының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2020 жылғы 24 шілдедегі № 91 қаулысы;
6. «Ақмола облысының аumaғында коронавирустық инфекциямен (COVID-19) ауруының таралуының алдын алу бойынша қатаң шектеу шараларын енгізу туралы» Ақмола облысының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2020 жылғы 3 шілдедегі № 86 қаулысына өзгерістер енгізу туралы» Ақмола облысының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2020 жылғы 30 шілдедегі № 93 қаулысы;
7. «Санитариялық-эпидемияға қарсы және санитариялық-профилактикалық іс-шараларды жүргізу туралы» Ақмола облысының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2020 жылғы 3 шілдедегі № 85 қаулысы.